

ҰЛТАРАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТІЛІГІ

Суханова Алима Бауржановна
alimasukhanova45@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Халықаралық құқық мамандығы ХҚқ-11 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі – Сейдеш Б. Б.

Ұлтаралық корпорациялардың (ҰАК) құқықтық табиғатын түсіндіру мәселесі инвестициялар көзі ретінде әрбір мемлекет үшін ерекше маңызға ие.

ҰАК қалыптасуына екі негізгі тәсіл анықталған. Тар мағынада ҰАК-қа көптеген елдерде бейінді өндірістік активтері бар салалық көшбасшылар жатқызылады, бұған қоса шетелдік қызмет аталған компаниялар үшін маңызды болып табылады, кейде қосымша өлшемшарттар да енгізіледі, мысалы, фирмада көпұлтты басшылықтың болуы және т.б. Кең мағынада ҰАК-қа шетелде тікелей инвестициялары бар кез келген компания, оның ішінде көршілес елдерде кеңселері немесе шетелде өткізу бөлімшелерімен қарапайым экспорттаушылары бар шағын делдал фирмалар жатқызылады,

Бірінші жағдайда осы немесе өзге шет елде ҰАК егжей-тегжейлі зерттеу жетекші компания-инвесторлардың тізімін жасау және есептілігі, сауалнама және басқа да көздердің негізінде олардың шетелдік экспансияларының ерекшеліктерін оқып зерделеу жолымен жүзеге асырылады. Екінші жағдайда компания-инвесторлардың ауқымын талдау әдетте орталық банктер жариялайтын жеке елдердің тікелей инвестицияларының графикалық және салалық құрылымы туралы жалпылама деректерді қарау негізінде мүмкін. Алайда, екі нұсқада да орташа өлшемдегі ҰАК-қа жеткілікті түрде көңіл бөлінбейді, өйткені дәл осылардың шетелдегі айтарлықтай инвестициялық белсенділігі әдетте ел экономикасының нақты интернационалдануын дәлелдейді.

Статистикаға сәйкес әлемдік өнеркәсіптік өндірістің жартысын ұлтаралық компаниялар қамтамасыз етеді. Қазақстан үшін шетелдік инвестицияларды тарту өзектілігін ешқашан жоғалтқан емес. Және де ҰАК әрқашан экономикалық ведомстволармен жеке топқа бөлінбесе де, басым шетелдік инвесторлардың санатына жатады. Сәйкесінше, республика үшін ұлтаралық корпорацияларды тарту және олардың ойдағыдай жұмыс жасау мәселесі шешімін таппай отыр.

XX ғасырдың ірі ұлтаралық компанияларының тізіміне мынадай фирмалар кірді: General Electric (АҚШ), Microsoft (АҚШ), Royal-Dutch / Shell (Ұлыбритания / Нидерланд), Coca-Cola (АҚШ), IBM (АҚШ) General Motors (АҚШ), Hitachi (Жапония), Мацусита (Жапония), Nestle (Швейцария), Ford (АҚШ), Alcatel (Франция), Philips (Нидерланд), Mobile Oil (АҚШ), Ace Braun Bovary (Швейцария), Volkswagen (Германия), Toyota (Жапония), Siemens

(Германия), British Petroleum (Ұлыбритания), Unilever (Ұлыбритания / Нидерланд) [2].

Ұлтаралық компаниялар қарапайым фирмалардан, ең алдымен, тікелей инвестициялау немесе жұмыс істеп тұрған компаниялардың акцияларын сатып алу жолымен құрылатын өндірістік сипаттағы шетелдік филиалдар мен еншілес компаниялардың кең желісінің болуымен ерекшеленеді.

ТМД елдерінде ұлтаралық корпорациялардың 2 мыңға жуық еншілес компаниялары бар, оның ішінде Қазақстанда – екі жүзге жуық. Қазақстанда өзінің еншілес фирмаларының барынша көп саны америкалық, еуропалық, қытай және жапонияның ҰАК ие.

ҰАК құқықтық табиғатының мәселелерін халықаралық жеке құқықта қарастырғанда ҰАК құқықтық субъектілігі ерекше мәнге ие. ҰАК халықаралық жеке құқық субъектісі болып табыла ма немесе жоқ па деген мәселе бұл құбылыстың халықаралық жеке құқықтың құқықтық өлшеміндегі барлық мәнін анықтайды. ҰАК құқықтық субъектілігінің мәселесін шешу «ҰАК» анықтамасын анықтаумен және түсінумен тікелей байланысты. ҰАК құқықтық субъектілігінің санаты халықаралық жеке құқық аспектісінде азаматтық және корпоративтік құқықтың заңды тұлғаларының құқықтық субъектілігі тұжырымдамасын қолданумен қарастырылуы керек екені айқын, себебі халықаралық жеке құқық аспектісінде заңды тұлға анықтамасы жоқ. Сәйкесінше, халықаралық жеке құқықтағы заңды тұлғаның сипаттамалары мен құқықтық табиғаты қалай болғанда да тиісті ұлттық азаматтық және корпоративтік құқық негіздерінен алынады.

Халықаралық жеке құқықта ҰАК анықтамасы мынадай сипаттама анықталуы мүмкін: ҰАК – бұл шешім қабылдаудың анықталған кіріктірілген жүйесі бар экономикалық бірлік негізінде бір немесе бірнеше бас корпорацияларының болуымен үш немесе одан да көп елдерде бекітіліп, жұмыс істейтін әртүрлі жеке заңы (*lex societatis*) бар заңды және заңды емес тұлғалардың жиынтығы. ҰАК жүйесіне кем дегенде үш мекеме кіреді – бұл бір бас компания және екі бөлімше немесе екі бас компания және бір бөлімше.

БҰҰ Сауда және даму конференциясының шеңберінде (ЮНКТАД) ҰАК бас кәсіпорындары мен олардың шет елдегі бөлімшелері кіретін инкорпорацияланған да, инкорпорацияланбаған кәсіпорындар ретінде анықталады.

Сонымен, ҰАК анықтамасы оның жүйесіне кіретін барлық бөлімшелерінің жиынтығын қамтиды, ал жеке бірліктерге келсек, осы немесе өзге ұлттың құқық жүйесінің заңды немесе заңды емес тұлғаларына жатқызуға болады. ҰАК жүйесі бас корпорацияның экспансиясының күшімен қалыптасады және ол бірыңғай экономикалық ағзаны құрайтын екіден астам мемлекетте мекемелер желісіне ие болған кезде ғана ҰАК – мекемелерінің басқа кейіпіне өзгереді.

Аталған ұғымның жалпы мағынасында құқық субъектілік екі құрамдас бөлікті қамтиды: іс-әрекетке қабілеттілік және құқықтық

қабілеттілік. Құқықтық қабілеттілік субъектінің құқықтары мен міндеттерінің болу қабілеттілігін, ал іс-әрекетке қабілеттілік – субъектінің өзінің іс-әрекетімен өзі үшін құқықтар мен міндеттерді иеленуге және олар бойынша жауап беру қабілеттілігін білдіреді. Заңды тұлғалардың жеке тұлғалармен салыстырғандағы құқықтық субъектілігі, ең алдымен, заңды тұлғаның құқықтық қабілеттілігі мен іс-әрекетке қабілеттілігі бір уақытта, сәйкесінше оның мемлекеттік тіркелу сәтінде немесе қайта ұйымдастырудың белгілі бір түрлері аяқталған немесе заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне тиісінше жазба енгізу жолымен заңды тұлғаның тарауы сәтінде туындайтындығында және тоқтайтындығында жатыр.

Әдетте, азаматтық-құқықтық қатынастар субъектісі ретінде, оның ішінде шетелдік элементтік болуымен заңды тұлғалардың мынадай белгілері атап көрсетіледі:

- ұйымдастырушылық бірлік;
- мүліктік жеке-даралық;
- өзінің міндеттері бойынша өзіндік мүліктік жауапкершілігі;
- азаматтық айналымда және соттарда дауларды шешу кезінде өз атынан сөйлеуі³.

ҰАК заңды тұлға ретінде қарастырылуы және, сәйкесінше, халықаралық жеке құқықта құқықтық субъектілік беру үшін жоғарыда аталған заңды тұлғалардың барлық сипаттамалық сапаларының болуын болжайды.

Өзінің пайда болу сәтінен бастап заңды тұлға жекелеген құқықтары мен міндеттеріне ие ұйымдастырушылық бірыңғай ағза ретінде түсіндірілген⁴. Барлық уақыттағы заңгерлер заңды тұлғалар мүшелерінің немесе акционерлерінің құқықтары мен міндеттерінің оның жеке құқықтары мен міндеттерінен бөлген. Атақты құқықтанушы Р. Паунд ұйымның құқықтық субъектілігі мәселелерін қарастыра отырып, заңды бірлік құқықтық субъектілікті білдіруі керектігін және бұл сапа құқықтар мен міндеттерге ие заңды тұлғаларға ғана тән екендігін атап өтеді². Ұйымдастырушылық бірлік құқықтар мен міндеттемелер жиынтығының болуын болжайды³. Бұл жерде қандай құқықтар мен міндеттер туралы сөз жүріп жатқандығы туралы нақтылық талап етіледі. Ең алдымен, бұл сотта талапкер және жуапкер болу құқығы, атына арналған құқық, мүлікті сатып алу, меңгеру және иелік ету құқығы, шарттарды жасасу құқығы және нақты мемлекеттің құқықтық нормаларына сәйкес ие болуы мүмкін заңды тұлғалардың басқа да құқықтары.

Заңды тұлғаның ұйымдастырушылық бірлігін қарастыра отырып, ҰАК бірыңғай ұйымдастырушылық нысан ретінде өмір сүруі мүмкін еместігін атап өту керек, өйткені ҰАК түсінігіне бірнеше бөлімшесі бар бір мекеме емес, бірыңғай заңды ресімделуі жоқ заңды және заңды емес тұлғалардың барлық жиынтығы кіреді.

Және расында да, ұйымдастырушылық бірлік белгілерінің бірі құрылтай, мейлі ол жарғы, құрылтайшылық шарт, екеуі немесе өзге құжат

болсын құжаттарының болуы. ҰАК қатысты болса, сөзсіз, бірыңғай жүйенің заңды ресімделуін бекітуі мүмкін құжат жоқ. Басқа жағынан алып қарағанда, заңды тұлғаның құқықтық субъектілігі мемлекеттік тіркеумен ресімделеді, ал ҰАК экономикалық бірыңғай жүйе ретінде ешқандай тізілімде тіркелмейді.

Халықаралық жеке құқықта ҰАК-қа құқықтық субъектілікті беру олардың қызметін реттеу ұстанымы жағынан ғана ақталуы тиіс сияқты көрінеді. Шынында халықаралық жеке құқық аспектісінде ҰАК қызметін реттеу мұндай халықаралық-құқықтық құжаттардың жоқтығында болып табылады. ҰАК қызметінің кейбір аспектілерін реттеу халықаралық көпшілік және ұлттық құқық деңгейінде ғана регламенттеледі. Жеке алғанда ұлттық деңгейде ҰАК қызметін реттеу аталған мемлекет аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыру жөнінде шетелдік жеке және заңды тұлғалар қызметіне қатысты анықталған нормаларды белгілеуге немесе корпоративтік топтардың қызметін реттеуге саяды.

Осылайша, ҰАК бірыңғай заңды ресімдеуге ие еместігін белгілеуге болады. ҰАК заңды немесе заңды емес тұлғалардың жүйесі ретінде ұсынылады, ал бұл бірыңғай тұтас құқықтық өлшемде мүлдем жоқ. Демек, халықаралық жеке құқықтағы ҰАК құқықтық субъектілігі жөнінде сөз қозғалғанда ҰАК заңды тұлға болып табылмайтындығы және құқықтық субъектілікке ие еместігі түсінікті болады, ал бұл құқықтық субъектілік оның жеке бөліктерінің құқықтық субъектілеріне саяды. Осылайша, бұл жағдайда бас компанияның, филиалдар мен өкілдіктердің, еншілес кәсіпорындар мен басқа да бөлімшелердің құқықтық субъектілігін қарастырған жөн.

Қазақстандық ғылыми әдебиетте дерлік даулы көзқарас бар, бұл «шетелдік құқық доктринасында көп уақыттан бері берік тұжырым қалыптасты: ҰАК халықаралық құқықтық субъектілікке ие, халықаралық көпшілік құқық, ең алдымен, халықаралық экономикалық құқық субъектілері болып табылады». Қазіргі уақытта ҰАК халықаралық құқықтық субъектілігі ашық қалып отыр.

Аталған мәселені талдай келек, халықаралық көпшілік құқық доктринасында және ең алдымен, шетел доктринасында ҰАК халықаралық құқықтық субъектілік тұжырымының болуын кездестіру өте сирек екендігін атап өтеміз. Бізге халықаралық экономикалық қатынастардың дамуының осы кезеңінде және халықаралық көпшілік құқықтың заманауи доктринасы көзқарасы тұрғысынан ҰАК халықаралық құқықтық субъектілікті игеруі дәрменсіз болып көрінеді. ҰАК халықаралық экономикалық өмірдің қалыптасқан белгісі екендігі даусыз, бірақ халықаралық құқықта, сондай-ақ ұлттық құқықтық жүйеде де әлі арнайы мәртебеге қолы жетпеген.

ҰАК халықаралық құқықтық субъектілікке ие болуы үшін олар ең болмағанда халықаралық құқық бойынша құқықтар мен міндеттерінің болуы қабілеттілігіне ие болуы, халықаралық-құқықтық жауапты болуы қабілеттіліктерінің болуы және халықаралық нормалық шығармашылық қызметке қатысуы, яғни халықаралық құқық субъектісінің сапасына ие болуы керек. Халықаралық көпшілік құқық саласындағы ҰАК құқықтары

мен міндеттерін айтар болсақ, қазіргі уақытта мұндай құқықтар мен міндеттер әмбебап деңгейде ҰАК-қа жүктелуі мүмкін жалпы қабылданған императивтік халықаралық-құқықтық бірде бір құжат жоқтығын мойындау керек. Екінші жағынан ҰАК халықаралық-құқықтық нормалардың қалыптасуына тікелей қатыса алмайды. Міне, сондықтан ҰАК-тың халықаралық құқықтық субъектілікке ие болуы туралы халықаралық көпшілік құқықтың айқын даму үдерісін және ең алдымен, халықаралық экономикалық құқық шеңберінде жоққа шығаруға болмайды. Мүмкін, сол себепті заманауи халықаралық құқықта ҰАК халықаралық құқықтың болашақ субъектілері нысаны ретінде саяды.

Пайдаланған әдебиеттер тізім:

- 1.«KAZNEXInvest» қаржылық-инвестициялық журналы. – 2013. – 20 желтоқсан.
- 2.Kenza Benhima. Financial integration, capital misallocation and global imbalances Original Research Article Journal of International Money and Finance, Volume 32, February 2013. P. 324–340.
- 3.Jan Toporowski. The transnational company after globalization. Transnational company after globalisation Original Research Article Futures, Volume 42, Issue 9, November 2010. P. 920–925.
- 4.Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму конференциясы секретариатының баяндамасы. Сауда және даму туралы баяндама, 2012 жыл // Біріккен Ұлттар Ұйымы. – Нью-Йорк және Женева, 2012. – 148 б.
- 5.Д. Мазоренко Қазақстандағы ҰАК хроникалары: ұлтаралық инвестициялау ерекшеліктері // «Власть» талдау интернет-журналы. – 2013. – 7 тамыз.
- 6.<http://www.corpo.su/>.